

**6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
«Кен байыту кешені жұмысшыларының денсаулығын басқарудың медициналық-әлеуметтік негіздері»
тақырыбындағы Тилемисов Мағжан Какармановичтың диссертациялық жұмысына
Ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Өмір және денсаулық туралы ғылым» ғылымын дамытудың басым бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымның дамуына айтарлықтай үлес қосты. Оның тақырыбының өзектілігі толығымен ашылды, екі өндірістік мекеменің еңбек жағдайына, сырқаттанушылық көрсеткіштеріне және әлеуметтік медициналық тұрғыдан салыстырмалы талдау жасалды.

3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. 	<p>Ұсынылған диссертациялық жұмыста ізденуші өзі жазудың жоғары деңгейін көрсеткен, себебі статистикалық өңдеу нәтижесінде автордың өзі тікелей алған ғылыми нәтижелері келтірілген және оларды әдеби деректермен салыстыру арқылы толық дәлелдеген.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертациялық зерттеудің өзектілігі жалпы саны 165 отандық және шетелдік ғалымдардың баспа жұмыстарын қамтитын әдебиет көздерін егжей-тегжейлі талдап, нәтижесінде жоспарланған жұмыстың негізгі бағытын айқындайтындай іздену тереңдігімен негізделеді. Жұмысшылардың денсаулығын медициналық-әлеуметтік тұрғысынан зерттеу және оның негізінде алдын алу бағдарламасын жасау жұмыстың негізгі мәселесі болып табылады.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды. 	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты және міндеттері зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері</p>

		<p>мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>мен құрылысы толықтай логикалық байланысқан.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген. 	<p>Диссертациялық жұмыста әдебиет деректеріне және жүргізілген ғылыми зерттеулер нәтижесінде алынған жаңа мәліметтермен салыстырмалы түрде сыни талдау берілген. Отандық және шетелдік дереккөздер, ғылыми жарияланымдар, нормативті құқықтық актілерді қосқанда 165 әдебиет көзі қолданылған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). 	<p>Ғылыми нәтижелер мен қорғауға шығарылған диссертациялық зерттеудің қағидаттары толығымен жаңа, себебі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - алғаш рет кен байыту кешені жұмысшыларының денсаулығына әсер етуші медициналық-әлеуметтік факторлар анықталды; - жұмысшыларды әлеуметтік қорғау шараларына заманауи медициналық-әлеуметтік сипаттама берілді; - жұмысшылардың нақты УЕЖ бойынша сырқаттанушылығы көрсеткіші мен субъективті көзқарасы сәйкестендіріліп, салыстырмалы түрде қауіп факторларына зерттеу жүргізілді; - кен байыту кешені жұмысшыларының

			денсаулығын басқарудың медициналық-әлеуметтік бағдарламасы әзірленіп, тәжірибеге енгізілді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары жаңа, теориялық және тәжірибелік маңызға ие.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Диссертациялық жұмыста толықтай жаңа техникалық, технологиялық шешімдер бар, олар жеткілікті түрде негізделген және дәлелденген.
	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген	Диссертациялық жұмыс заманауи талаптарға сәйкес орындалған. Алынған нәтижелер, тұжырымдар және қорытындылардың негізділігі мен сенімділік деңгейі докторанттың диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдармен және тәжірибелік зерттеулерімен расталады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді;	7.1 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар толығымен дәлелденген. 7.2 Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидаттары тривиалды емес.

		<p>2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ.</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>7.3 Жұмыстың қорғауға шығарылатын барлық қағидаттары жаңа және қорытындымен сәйкес келеді.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Диссертациялық зерттеудің нәтижелері бойынша 17 ғылыми жұмыс жарияланған, оның ішінде: citescore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 (жиырма бес) Scopus ақпараттық дерекқорына кіретін Халықаралық ғылыми басылымда жарияланымдар - 2, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланымдар - 4; шетелдік ғылыми басылымдарда - 1; халықаралық және республикалық конференциялар материалдарының жинақтарында - 9; авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік – 1.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік</p>	<p>Диссертациялық зерттеу әдістемесін таңдау жеткілікті негізделген. Жұмысты орындау барысында әлеуметтік, гигиеналық және статистикалық әдістерді қолданған. Сырқаттанушылық деңгейін бағалау Е.Л. Ноткин әдістемелік нұсқаулығы бойынша жүргізілген.</p> <p>Нәтижелерді өңдеудің математикалық-статистикалық әдісі IBM SPSS Statistics</p>

		<p>технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>V.28.0 өлшемдерін статистикалық өңдеу бағдарламасының көмегімен жүзеге асырылды. Жалпы іріктеме және топтар бойынша сипаттамалық статистикалық өңдеу кезінде келесідей есептеулер бөлек жүргізілді: орташа шамалар (M), орташа шамадағы қателер (m), стандартты ауытқу (SD), медиана (Me). Таралу нормасы Шапиро-Уилк критерийі бойынша анықталды. Орташа мәндер арасындағы айырмашылықтарды талдау Пирсонның хи-квадраты бойынша жүргізілді (χ^2). Қатынастардың статистикалық гипотезаларын тексеру үшін тау-Кендал коэффициентін қолдана отырып корреляциялық талдау қолданылды.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар автордың өзіндік зерттеулерінің нәтижелерімен дәлелденген, олардың нәтижелері диссертациялық жұмыстың тиісті бөлімдерінде және ғылыми мақалаларды жариялаумен расталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Жұмыстың маңызды мәлімдемелері нақты және сенімді ғылыми әдебиеттертерге сілтемелермен расталған.</p>

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Әдебиеттік шолу үшін жасалған әдебиет көздері жеткілікті деңгейде қарастырылған. Қолданылған әдебиеттер тізімі 165 отандық және шетелдік әдебиет көздерінен тұрады.
9.	Практикалық кұндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия ; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс маңызды теориялық мәнге ие. Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде кен байыту кешені жұмысшыларының денсаулығын басқарудың медициналық-әлеуметтік бағдарламасы негізделді. Бағдарлама өз кезегінде жұмысшылар денсаулығының ауытқуын алдын алуға және басқаруға, жұмысшы денсаулығына әсер етуші қауіп факторлары мен сырқаттанушылық көрсеткіштерін төмендетуді, әлеуметтік қорғаудың маңызды медициналық-әлеуметтік шараларын қамтиды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия ; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары, себебі жұмыстың нәтижелері тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіріске («Қостанай минералы» АҚ 09.11.2023ж.; «Жезқазған медициналық орталығы» ЖШС 25.12.2023 ж.) енгізілген.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып	Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. Кен байыту кешені жұмысшыларының денсаулығын басқарудың әлеуметтік-медициналық бағдарламасы жұмысшы денсаулығын жақсартуда елеулі үлес қосады.


		табылады).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмысты академиялық жазу мен ресімдеу сапасы жоғары болғандықтан, сауатты баяндалған және аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады.</p> <p>Жазу және ресімдеу сапасы бойынша ескертулер жоқ.</p> <p>Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Магжан Какарманович Тилемисовтың диссертациялық жұмысы оң бағаға лайық, ал Магжан Какарманович Тилемисов 6D110200 - "Қоғамдық денсаулық сақтау" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық.</p>

Ресми рецензент:

«Астана Медицина Университеті» КеАҚ,

Қоғамдық денсаулық сақтау және гигиена

кафедрасының доцент-зерттеушісі, PhD



Б. Серик